

ӨРКЕН АЛҒАН ӨНДІРІС:

Тереңөзектегі зауыт құрылысы қарқынды

Тереңөзектегі жүгеріні терең өңдеу зауытының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Дәл қазір бірінші кезең аясында жүгері дәнін тазалау, кептіру және сақтау кешендері салынуда. Кептіру кешенінің қуаты тәулігіне 1 200 тонна, ал сақтау қоймаларының сыйымдылығы 20 мың тонна болады. Апта ағымында аудан әкімі Берік Сәрменбаев аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікеновпен бірге зауыт құрылысымен танысты.

Аудан әкімі өндіріс орнын аралау барысында құрылыс жұмыстарының сапасына, белгіленген мерзім бойынша жұмыстың жүргізілуіне ерекше мән берді. Зауытты толық қуатында іске қосу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көлемін арттырып, жергілікті жерде өндірістік әлеуетті күшейтудің маңызы зор екенін атап өтті.

— Жүгері зауытының іске қосылуы — ауданның ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыруға және дамытуға серпін беретін маңызды өндірістік жоба. Жергілікті өнімді терең өңдеу арқылы қосылған құны жоғары өнім өндіру және жаңа жұмыс орындарын ашу мүмкіндігі артады. Сондықтан құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген

мерзімде аяқтап, өндірісті іске қосуға қажетті барлық мәселені жүйелі түрде шешу қажет, — деді Берік Әбдіғәппарұлы.

Ауданда бұндай ірі өндіріс орнын ашу аудан экономикасын нығайтудың маңызды қадам болып табылады. Жоспарлы жоба іске қосылған сәтте жаңа жұмыс орындары ашылып, халықтың әлауқаты артады. Сонымен қатар бұл — әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі деуге негіз бар. Айта кетейік, бұл зауыт жылына 150 мың тонна жүгері дақылын терең өңдейтін болады. Зауыт заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып, 550 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар би-



ылдан бастап жүгері егісі 15 мың гектарға дейін ұлғайтылады деп күтілуде. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып, өңіріміздің аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге



мүмкіндік береді. Өз кезегінде бұл жоба — тұтас өңірдің дамуына серпін беретін үлкен мүмкіндік, болашаққа жасалған инвестиция. Мұндай ауқымды жобалар ел экономикасын жандандырып, халықтың өмір сүру сапасын арттырмақ. Ұлттық цифрлық платформа бойынша «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» серіктестігінің «Жүгері дақылын терең өңдеу зауытын салу» жобасының құны 40 млрд теңгені құрайды. Аймақ бас-

шысының қолдауымен жүзеге асатын жоба толық іске қосылғанда агро-өндіріс жаңа деңгейге көтеріледі.

Зауыттың іске қосылуы ауыл шаруашылығы өнімін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ретте жергілікті шаруа қауымы өсірген жүгері тек бастапқы өнім ретінде сатылғаннан өңдеуден өткен күйде бағалы әрі сапалы болады. Сонымен қатар, шикізатты өңірдің өзінде өңдеу өнімінің қосылған құнын арттырып, аудан экономикасының дамуына қосымша серпін береді.

А.МҰХАНБЕТҚАЛИ

ҚЫСТЫҢ ӘР КҮНІНЕ ЖІТІ ДАЙЫНДЫҚ КЕРЕК



Жылу маусымына дайындық жұмыстары өзекті. Аязды күндерді тұрақты әрі қауіпсіз өткізу үшін әлеуметтік нысандардың жылу жүйелері мен қазандықтарының әзірлігі алдын ала қамтамасыз етілуі қажет. Осыған байланысты аудан көлеміндегі әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығы пысықталып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Бұл орайда аудан әкімі Берік Сәрменбаев елді мекендердегі әлеуметтік нысандардың алдағы жылу маусымына дайындық барысын көрді. Аудан әкімімен бірге аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов маңызды бағыттағы жұмыстарды талқылады. Өз кезегінде Тереңөзек кенті, Іңқардария, Асқар Тоқмағанбетов, Сәкен Сейфуллин, Қалжан ахун ауылдарындағы әлеуметтік нысандардың жылу жүйелері мен қазандықтарына, нысандардың жылу маусымына әзірлігі мен техникалық жағдайына бақылау жүргізілді.

— Алдағы жылу маусымын тұрақты әрі қауіпсіз өткізу үшін дайындық жұмыстары сапалы жүргізілуі қажет.

Қазандықтар мен жылу жүйелерінің техникалық жағдайын толық тексеріп, анықталған кемшіліктерді дер кезінде жою керек. Әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығын толық қамтамасыз ету керекпіз, — деді аудан басшысы.

Жауапты сала басшыларына анықталған мәселелерді жою және әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындық паспорттарын 1 қыркүйекке дейін алу жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Айта кетейік, бірнеше айдан кейін басталатын жылу маусымына дайындық елді мекендердегі әлеуметтік нысандардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді. Әсіресе білім беру, денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік нысандардың қысқы кезеңге сақдай сай болуы тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің үздіксіздігі мен қауіпсіздігі үшін айрықша мәнге ие. Осыған



байланысты қазандықтар мен жылу жүйелерінің техникалық жағдайын тексеру, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізу және анықталған кемшіліктерді уақытылы жою шаралары қолға алынуда. Қысқы маусымның ойдағыдай өтуін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Сондай-ақ аталған кезеңде қауіпсіздік басты талап екенін естен шығармау керек.

«Тт» ақпарат

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың қатысуымен өткен салтанатты жиында Сыр өңірінің спорт саласында еселі еңбек етіп жүрген спортшылар мен сала мамандары марапат төрінен көрінді. Салтанатты іс-шарада Сырдария ауданының спорт саласында ұзақ жыл бойы нәтижелі еңбек етіп жүрген қос жерлесіміз жоғары марапатқа ие болды.

МЕРЕЙДІ ӨСІРГЕН МАРАПАТ



Айта кетейік, аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің бас маманы Айкерім Мешітбаева ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың Құрмет грамотасымен марапатталса, аудандық спорт клубының директоры Диас Әлжанов Қызылорда облысының Құрмет грамотасына ие болды.

Ауданның спорт саласы үшін орасан зор жетістік саналатын сала мамандарының жоғары марапаты — аталған маңызды бағытты дамыту шеңберінде атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың нәтижесін көрсететін маңызды оқиға. Спорт — саламатты өмір салтын қалыптастырып қана қоймай, елдің мерейін асыратын, жас ұрпақтың бойына жігер мен табандылық қалыптастыратын ауқымды сала. Әсіресе аудан көлемінде спорттың бұқаралық сипатын арттыру, жас спортшыларды жарыстарға дайындау, олардың шеберлігін шыңдау, спорттық инфрақұрылымды тиімді пайдалану секілді жұмыстардың артында білікті мамандардың тынымсыз еңбегі тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Айкерім Мешітбаеваның аудан спортының өркендеуіне қосып жүрген үлесі айрықша. Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің бас маманы ретінде ол спорт саласындағы ұйымдастыру жұмысына белсене араласып, аудан тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік жасауға бағытталған бастаманың жүзеге асуына үлес қосып келеді. Спорттық жарыстарды ұйымдастыру, бұқаралық спортты насихаттау, жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттыру секілді бағыттар — үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс екені баршаға мәлім.

Спорт клубы — аудандағы спорттық резервті қалыптастыратын, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыратын негізгі ортаның бірі. Клуб жұмысының дұрыс жолға қойылуы спортшылардың жаттығу үдерісіне, жарыстарға қатысуына және жоғары нәтижеге қол жеткізуіне тікелей әсер етеді. Аудандық спорт клубының директоры Диас Әлжанов осы жауапты міндетті абыроймен атқарып, спорт саласының ілгері басыуына зор ықпал етуде. Оның басшылығымен спортшылардың дайындығына, үйірмелердің жұмысына, түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуға және аудан намысын қорғауға ерекше көңіл бөлініп келеді.

Бүгінде спорт саласындағы әрбір жеңісті тек спортшының жетістігі деп бағалауға болмайды. Оның артында бапкердің маңдай тері, ата-ананың қолдауы, спорт саласы мамандарының ұйымдастырушылық жұмысы және тұтас бір команданың еңбегі бар. Сондықтан Айкерім Мешітбаева мен аудандық спорт клубы директоры Диас Әлжанов еңбегінің жоғары бағалануы — осы салада қызмет етіп жүрген барша азаматқа көрсетілген құрмет деп қабылдауға болады.

Мұндай марапаттар сала маманына жаңа серпін беріп, алдағы міндеттерге деген жауапкершілігін арттыра түсетіні анық. Себебі спорт саласында нәтиже бір күнде қалыптаспайды. Әрбір жетістіктің артында ұзақ дайындық, табанды еңбек, жүйелі ізденіс пен үлкен жауапкершілік жатады.

Балтабай ОРДАБЕКОВ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫНЫҢ ӨНЕГЕСІ – БІРЛІКТЕ

Жыл сайын еліміз бойынша өтетін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңінде жүлделі бірінші орын алған Бисеновтер отбасы облыстық кезеңге жолдама алды. Әулеттің үлкені Аманбек Бисенов ақсақал Асқар Тоқмағамбетов ауылының байырғы тұрғыны. Жұбайы Рәзия Бисеновамен ұлағатты ұл мен қыз тәрбиелеп өсіріп, елдің құрметіне бөленген жандар. Қадірменді қарттар 6 ұл мен 2 қыздан өрбіген ұрпағынан 25 немере мен 38 шөбере сүйіп отыр. Берекелі шаңырақта көркем тірлік бекем орнаған.

Әулеттің үлкені Аманбек Әлібекұлы еңбекпен есейіп, адал қызметімен ел құрметіне бөленген, ауыл адамдарының арасында абыройға кенелген азаматтың қатарында. 1941 жылы Майлықұм ауылындағы колхозшылар отбасында дүниеге келіп, еңбек адамдарының ортасында өсіп, жастайынан еңбекқорлықты, жауапкершілікті және елге қызмет етудің маңызын бойына сіңірді. Еңбек жолын «Партияның XVIII съезі» атындағы колхозда колхозшы болып бастады. Кейін ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларында табанды еңбек етіп, өз ісінің нағыз маманы ретінде танылды. Еңбекке деген адалдығының арқасында бригадир, күріш өсіру звеносының жетекшісі сияқты жауапты қызметтерге тағайындалды. Аманбек қарияның өмір жолы тек еңбекпен ғана емес, отбасы құндылықтарымен де ерекшеленеді. Жұбайы Рәзия Бекішқызымен бірге ұзақ жыл бойы мал шаруашылығы саласында қызмет атқарып, ауылдың дамуына өз үлестерін қосты. Ардақты азаматтың ел игілігі жолындағы ерен еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Сондай-ақ Сырдария ауданының 90 жылдық мерекелік медалімен марапатталды. Бұдан бөлек облыс, аудан, ауыл әкімдіктерінің құрмет, алғыс хаттарының иегері. Бұл марапат еңбек адамының көп жылғы маңдай тері мен адал еңбегінің жарқын көрінісі.

– 1958 жылы колхозға қарапайым жұмысшы болып орналастым. 1958-1967 жылдар аралығында көлік жүргізушісі болып қызмет етіп, шаруашылықтың дамуына үлес қостым. 1967-1970 жылдары қойма меңгерушісі де болдым. Ал 1970-1974 жылдары өндірістік бригадир ретінде еңбек ұжымын басқарып, өндірістік көрсеткіштердің артуына ықпал еттім. 1974 жылдан бастап мал шаруашылығы саласына ауысып, бақташылардың шағын кәсіпорнын басқардым. Кейін Қаракөл совхозының сүт фермасында бригадир болып қызмет атқарып, ауыл шаруашылығын дамытуға



және еңбек өнімділігін арттыруға еңбек еттім, – дейді қадірлі қария.

Аманбек Бисеновтің ғұмыр жолы – еңбек пен адамгершіліктің, қарапайымдылық пен парасаттылықтың жарқын үлгісі. Ол өз өмірін туған жерінің өркендеуіне, ауыл шаруашылығының дамуына және отбасы тәрбиесіне арнап, артында өнегелі із қалдырған ардақты азамат.

Рәзия Бекішқызы да халық сеніміне ие болып, аудандық Кеңестің депутаты болып сайланды. Сонымен қатар, көпбалалы ана ретінде «Ардақты Ана» орденінің толық кавалері атанды.

– Майлықұм колхозында 1943 жылы дүниеге есігін ашыппын, – дейді ақ жаулықты ана Рәзия Бисенова. – Балалық шағым туған ауылымда өтіп, осы ауылдағы мектепте білім алдым. Ауыл өмірінің тыныс-тіршілігіне ерте араласып, еңбекке бейім болып қалыптастым. 1961 жылы өмірлік серігіммен бас қостым. Аманбек аталарыммен шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасының алтын діңгегіне айналды. Жұбайыммен бірге өмірдің қуанышы мен қиындықтарын қатар еңсеріп, ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлдік. Бүгінде алтын құрсақты ана атанып, үлкен әулет болып отырмыз, – дейді асыл ана.

Рәзия Бекішқызы еңбек жолында ауыл шаруашылығы саласының әртүрлі бағытында абыройлы қызмет атқарды. Алғашқы жылдары күріш шаруашылығында еңбек етіп, егіс алқаптарындағы жауапты жұмыстарға белсене қатысты. 1967-1970 жылдары мал шаруашылығында бақташының көмекшісі болып жұмыс істеп, шаруашылықтың дамуына өз үлесін қосты. Кейін ұзақ жыл бойы сауыншы болып еңбек етіп, өз ісіне деген жауапкершілігімен, тиянақтылығымен және еңбекқорлығымен әріптестерінің құрметіне бөленді. Ардақты жанның саналы ғұмыры – еңбекқорлықтың, аналық мейірімнің, отбасы құндылықтарын дәріптеудің және ұрпақ сабақтастығын сақтаудың жарқын үлгісі болғанын ауылдастары жақсы біледі.

– Жас жеткіншектердің бойына отбасының қос шынары – ала таудай атасы және аналардың анасы – әженің адам өмірінде алатын орны ерекше. Ата мен әжем – менің өмірімдегі ең қымбат жандардың бірі. Атамды «Ата» деймін да, әжемді «Мама» деймін. Өйткені балалық шағымның ең жарқын сәттері солардың жанында өтті. Біз көпбалалы отбасынанбыз, менің балалық кезімде 4 ағам қатар үйленіп, жеңгелерім бір үйде біршама уақыт бірге тұрды. Атам – бригадир, әжем үй шаруасында. Таң атпай күнмен таласып жеңгелерім ерте тұрып, бригаданың тамағын пісіреді, әжем барлық жұмыстың басында, бір тынбайды, көбіне үйдің жұмысынан гөрі сырттың жұмысын істегенді жақсы көреді. Көктемде қырқылған қойдың жүнінен текемет басатынбыз, піскен тарыны келіде түйіп, диірмен тартып, тақпан жасаймыз, бидайды түйіп, бидай көже жасауды да әжемнен үйрендім. Одан атам зейнетке шығып, жеке кәсіпкерлікпен диқаншылықпен айналысты. Гектар-гектар жерге картоп егеді, қауын-қарбыз, жуа-сәбіз егіп, күзде, қыста сатып, керек жарағымызды алып беретін.

Атам отбасында жалғыз болғандықтан бізді көпшіл болуға тәрбиеледі, көбіне қонақ шақырып, естеліктерді айтып, арқа-жарқа болып отырғанды ұнатады. Жастайынан еңбекке араласқандықтан танымайтын адамы жоқ, кез келген контордың есігін еркін ашатын, отырған кісілерді туыс етіп шығатын. Атамның қаталдығы мен әжемнің жұмсақтығы бір-бірін толықтырып тұрады. Бірі өмірдің қиындығына төзімді болуды үйретсе, екіншісі адамға деген сүйіспеншілік пен жанашырлықтың қадірін сезіндірді. Осындай асыл жандардың тәрбиесін көргенім – мен үшін үлкен бақыт әрі өмірімдегі ең қымбат естелік. Олардың әрбір ақылы мен өнегесі жүрегімде мәңгі сақталып, өмір жолымда әрдайым бағыт-бағдар. Атам мен әжемнен тараған әр ұрпақ бөлек-бөлек қара шаңырақ болып, үлкендердің жолын жалғап, бала-шағаларының тек рахатын көре берсін, – дейді бүгінде білім саласында абыройлы еңбек етіп жүрген ұрпағы Жанар Қойшыбаева.

Саналы ұрпақтың бойындағы асыл қасиет атаның қанымен беріледі. Бүгінде білім саласында еңбек етіп, жас та болса көшбасшылық қасиетке ие болып, үлкен мінберлерден тағылымды сөз айтып, ұстаз ретінде білім мен тәрбиенің жарқын үлгісін көрсетіп отырған Заманбек Аманбеков – Аманбек Бисенов ағамыздың немересі. Ұлағатты ұстаз өмірінің ең жарқын сәттерін, әрбір жетістігін отбасының үлкені ата мен әжесінен алған тәрбиесінің арқасы деп біледі. Заманбектің айтуынша балалық шағында атасының аузынан естіген әңгімесін тыңдау үлкен өмір мектебі.

– Ауылға барған сайын атамның қасына жайғасып, әр сөзін ықыласпен тыңдаймын. Өйткені ол кісінің әрбір әңгімесінде өткеннің шежіресі, өмірдің сабағы, ұрпаққа айтар аманаты бар. Ол кісінің айтқан әрбір оқиғасы жай ғана өткен күннің естелігі емес, өмірдің өзінен алынған үлкен сабақ болатын. Атамның әр сөзі ойға жетелейтін, ешқашан ақылды «балам сен мынадай бол, осылай жаса» деп міндеттеп үйреткен жоқ. Өзінің жүріп өткен жолын баяндап отырып-ақ бізге дұрыс пен бұрысты ажыратуды үйретті. Қазір өзім енді ғана үлкен өмірдің табалдырығында жүрсем де, талай шешім қабылдар сәтте атамның сол сөздері еріксіз есіме түседі. Сонда ғана оның әрбір әңгімесінің уақыт өткен сайын құны арта түсетін өмірлік аманат екенін ұғынып келемін. Мен өзімді әрдайым атам мен әжемнің баласымын деп сезінемін. Ал әжеміздің жанында отырғанның өзі бір рақат. Дастарқан басындағы ақжарқын әңгімесі, шексіз мейірімі, қайта-қайта жағдайыңды сұрайтыны – балалық шағымның ең жылы естеліктері. Әжеміздің ақ орамалының астында тұтас бір әулеттің берекесі жатқандай көрінеді. Ол кісінің алақанынан алған бата мен маңдайдан сипаған мейірімі мен үшін әлі күнге ерекше күш сыйлайды. Біз ағам екеуіміз ауылдағы балабақшаға баратынбыз. Әжемді күн сайын ағамды арқасына көтеріп, мені қолымнан жетектеп балабақшаға апаратын. Үйге келген соң әжем екеуіміз дойбы ойнайтынбыз. Дойбының тастары жетіспесе деп, қақпақ жинап жүретініміз әлі күнге дейін есімде. Сол қақпақтар біз үшін ең қымбат ойын құралы болатын. Әжем маған тек дойбының ережесін ғана үйреткен жоқ секілді. Әр жүрісті ойланап жасауға, асықпай шешім қабылдауға, алдағы қадамды болжай білуге баулыды. Мектепте оқып жүрген кезімде осы дойбыдан түрлі жарыстарға қатысып, талай мәрте жеңімпаз атандым. Сондай сәттерде «Дойбыны кімнен үйрендің?» деген сұрақ қойылса, еш ойланбастан: «Әжем үйретті», – деп мақтанышпен жауап беретінмін. Қазір сол шақтарға көз жүгіртіп отырсам, математик болуымның бастауында да сол әжем отырғандай көрінеді. Мүмкін, менің логикалық ойлауымның, есепке деген қызығушылығымның алғашқы дәнін әжемнің өзі сепкен шығар. Кейде өмірді өзгертетін дүниелер үлкен оқиғалар емес, дәл осындай қарапайым ғана көрінетін сәттер болады екен. Сондықтан менің бойымдағы қандай да бір жақсы қасиет болса, оның түп-тамыры ата-әжемнің берген тәрбиесінде жатыр деп сеніммен айта аламын, – дейді Заманбек Асылбекұлы.

Кеше Қызылорда қаласында өткен ұлттық байқаудың облыстық кезеңінде сырдариялық Бисеновтер отбасы «Еңбекқор отбасы» номинациясымен марапатталды. Ғұмыр жолы – еңбек пен адамгершіліктің, қарапайымдылық пен парасаттылықтың жарқын үлгісі болған Бисеновтер отбасы туған жерінің өркендеуіне, ауыл шаруашылығының дамуына әлі де атсалысып келеді.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Халқымыздың рухани байлығы – отбасы құндылығы. Отбасын шағын мемлекет десек, еліміздің болашағы отбасында тәрбиеленіп жатқан өскелең ұрпақтың қолында. Жалпы отбасы құндылығы мемлекет назарынан тыс қалған емес. Қоғамның ажырамас бөлігі саналатын құндылық адам бойындағы адамгершілік қасиетті қалыптастыруда ерекше маңызды рөл атқарады.

Отбасын құрған әрбір жас ең алдымен бала кезінен ата-анасынан алған тәрбиесін өзі отбасын құрғанда қалыптастырудан бастайды. Дүниеге баласы келгеннен бастап, жастардың бір бірін қолдау мен құрмет көрсету осы құндылықтың негізі. Отбасындағы сүйіспеншілік, үлкенге құрмет көрсету мен кішіге қамқор болу, бір-біріне көңіл



Сурет ашық деректерден алынды

бөлу, кемшілігіне түсіністікпен қарап, оны қабылдау секілді қасиет әрбір отбасын бақытқа жетелейді.

– Бала кезімізден сыйластық, қатты сөз айтпау, адамның көңіліне қарау сияқты қасиетті бойымызға сіңіріп өстік. Қазір қоғам өзгерген сайын жас ұрпақтың бойынан мұндай қасиет алыстап бара жатыр. Оған себеп – қолынан тастамайтын ұялы телефон. Телефоннан әлемдегі небір керек емес жат дүниелерді көріп, қатыгездікті үйренгеннен басқа ештеңе жоқ. Бұл – нағыз қасірет. Тәрбие төмендеп, баланың бойын жаман әдет басады.

Үлкеннің сөзіне құлақ аспай, ата-анасына бір мезгіл көмектеспейтін баланың болашағы не болмақ?! Мұның барлығы айналып келгенде отбасылық құндылықтың әлсіреуінен, тәрбиенің осалдығынан. Ұзақ жыл білім саласында еңбек еткен ұстаз ретінде айтарым, үлкендер баласымен ашық сөйлесуден қашпауы керек, уақыт бөліп, ойын біліп, тәрбиесі әлсіреп бара жатса, дереу қолға алып түзеуге ұмтылуы керек. Негізінен еңбекке баулымаған баладан әлжуаз

ұрпақ шығады. Қарапайым тазалыққа үйрету, үй ішін жинау, есік алдын тазалап қою ер баланың да, қыз баланың да қолынан келеді. Жалқаулыққа бой алдырмай, ата-ана тапсырма беріп, оның орындалғанын қадағалап, нәтижесінде мақтап, мадақтап отырса, одан жаман бала шықпайды, – дейді ардагер-ұстаз С.Иамшадинова.

Иә, бақытты отбасының кілті – жауапкершілік. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, отбасында әке мен шешенің қарым-қатынасын көріп өскен бала, азамат болғанда өзі отбасында көргенін жасайды. Ата-анасы тату, айрандай ұйыған отбасында тәрбие көрген баланың бойына отбасылық құндылықтар сіңіп, жанұя құру деген түсінікті маңызы зор, қасиетті ұғым деп қабылдайды.

Отбасылық құндылықты сақтау мен дамыту – ұлтық мүддені жоғары қоятын әрбір азамат өзінің парызы деп білуі керек. Әрбір отбасында өскен тәрбиелі, білімді ұрпақ еліміздің ертеңгі өмірінің кепілі.

ОҢАЙ ОЛЖАҒА АЛДАНБАҢЫЗ!

«Алтынға инвестиция саласың» деп адамдарды тартқан қаржы пирамидалардың саны азаймай тұр. Қарапайым халықтың сеніміне кіріп, жалған құжаттарды алға тартып, өздеріне мүлтіксіз сендіреді. «Салған ақшаңның 20-40 пайызын ай сайын алып отырасың, арасында сыйақы бар» деген желеумен адамды қызықтырады. Оның арты неге ұласатынын аңғармай, сенім артқан адам барын салып, бір-екі «дәмін» көргеннен кейін туыстарын тарта бастайды.

Аталған дерек бойынша өткен жылы пирамидаларға 86 мыңнан астам адам тартылған. 12,5 млрд теңге залал келтірілген. Сондай-ақ 43 заңсыз чат табылып, жабылған. 7 мыңнан астам интернет-сайт бұғатталған. Бұл тек былтырғы жылдың есебі бойынша. Оңай ақшаға алданғандар қатары өте көп. Бұл туралы Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметінше, соңғы 4 жылда қаржы пирамидаларына 80 мыңға жуық адам алданып, 36 млрд 248 млн теңгесін жоғалтқан. Оларға кеңінен тоқталып өтсек.

«Алтынға инвестиция боласың» деп халықты тартқан қаржы пирамидасының бірі – «Nazira Gold». Шымкентте адамдарға алтын сатып, зергерлік бұйыммен айналысатын компания ретінде таныстырылған. Қарапайым халықтың «алтынға ақша сала отырып, үстемақысын алып отырасың, ол үстемақы ай сайын көбейіп отырады. Егер артыңнан адам кіргізсең, пайызын алып отырасың, түрлі сыйақылар болады» деген жалған сөзбен сеніміне кірген. Оңай табысқа алданған қарапайым халық баста бірнеше рет табыс алғаннан кейін туыстарын да қомақты қаражатты құйып, оңай табыс табуға көндіреді. Осылай, осылай бірінен соң бірі

таныстарына айтып, пирамиданың құрбаны болғандарын сезбей қалады. Артық ақша кімге керек емес?! Жұмыс істемей, маңдай терінді төкпей келген оңай ақша қарапайым халық үшін алтынмен пара-пар. Солай бәрі жақсы болып келе жатқанда, ай сайынғы берілетін үстемақы төленбейді. «Келесі ай қосып береміз, адам тарта беріңдер» деген өтірік желеумен тағы да қармағын майландырады. Оған сенген көпшілік бірнеше ай күткенін байқамай қалады. Сұрақтың астына алса, басшылары түрлі сылтау айтып, тіпті сендіру мақсатында жалған суреттер де жібереді. Ол пирамида ұсталып, мүлкі тәркіленсе де кірген адамдар «ақшамды қайтаратын шығар» деген үмітпен әлі сеніп жүреді. Осындай дәрежеде өзге, танымайтын адамға сенім артуға бола ма? Дәл осы қаржы пирамидасынан 4 мыңға жуық адам алданған. Салымшылардың ақшасы алтын сатып алуға емес, ұйымдастырушылардың жеке қажеттіліктеріне жұмсалған. Құқық қорғау органдары 402 млн теңге, 52 автокөлік, пәтерлер тәркіленген. Пирамида- ны ұйымдастырушылар 5 жылдан 10 жылға дейін сотталды. Осыған ұқсас жағдайлар саны өте көп.

Ал Сыр елі бойынша соңғы 3 жылда 14 қаржы пирамидасы жойылған. Оларға 654 салымшы алданған. Залал келтірілген шығын 376 млн теңге. Қылмыстық жауапкершілікке 11 ұйымдастырушы тартылып, 141 млн теңге шығын өтелген. Оңай олжада береке жоқ екендігін халық қашан ұғынар екен... Адал, маңдай теріңмен тапқан әр тиын берекелі. Тіпті жерде жатқан ақшаны алуға болмайтын- нын білесіз бе? Кез келген тиынның есебін арғы дүниеде береміз. Сондықтан тапқан әр тиын мен жұтқан әр тамшымыз адалынан болуы шарт.

Г.ЖАНСЕРІКҚЫЗЫ

Жаңа оқу жылының қарсаңында Сырдария аудандық ауруханасында игі дәстүрге айналған «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға Сырдария аудандық ауруханасының бас дәрігері Жанар Жұмабаева, аурухана жанындағы медицина қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрайымы Айгерім Тыныштықбаева және медицина саласының қызметкерлері қатысты.



АУДАНДЫҚ АУРУХАНАДА «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Бұл ретте, әлеуметтік маңызы зор іс-шараның негізгі мақсаты – медицина саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің отбасыларына қолдау көрсетіп, мектеп табалдырығын алғаш аттайтын бүлдіршіндерге қуаныш сыйлау екені мәлім. Акция аясында жаңа оқу жылында бірінші сыныпқа баратын медицина қызметкерлерінің балаларына мектеп сөмкелері мен қажетті оқу құралдары табысталды. Балғындардың мектепке дайындығына қолдау көрсету мақсатында жасалған бұл сыйлық балалардың көңілінен шығып, ерекше қуанышқа бөледі. Іс-шарада сөз алған аудандық аурухана бас дәрігері Жанар Жұмабаева бүлдіршіндерді жаңа оқу жылымен құттықтап, оларға білім жолында сәттілік тіледі.

– Балалардың мектепке баруы – әр отбасы үшін ерекше қуаныш. Бірінші сыныпқа қадам

басқан бүлдіршіндердің жүзінен қуаныш көру – біз үшін де үлкен мәртебе. Бүгінгі акцияның мақсаты – балаларға қажетті оқу құралдарын ұсынып қана қоймай, олардың жаңа оқу жылын жақсы көңіл-күймен бастауына себепші болу. Барша бүлдіршінге сапалы білім, биік жетістіктер және жарқын болашақ тілейміз, – деді бас дәрігер.

Өз кезегінде аурухана жанындағы медицина қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрайымы Айгерім Тыныштықбаева мұндай қайырымды іс-шараның ұжым мүшелеріне көрсетілген әлеуметтік қолдаудың бір көрінісі екенін атап өтті. Айта кетерлігі, мектеп құралдары «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы және аурухана жанындағы медицина қызметкерлері кәсіподақ комитетінің атынан табысталды. Жалпы алғанда медицина саласының қызметкерлеріне ғана емес,

олардың отбасы мүшелеріне де көрсетіліп отырған ерекше қамқорлықтың белгісін сала мамандары ұйымдастырушыларға шынайы алғысын жеткізді.

Кәсіподақ ұйымдарының басты міндетінің бірі – еңбек ұжымындағы қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғау, олардың әл-ауқатын арттыруға ықпал ету. Осы бағыттағы нақты істердің қатарында жас ұрпаққа қолдау көрсету, қызметкерлердің балаларына қуаныш сыйлау секілді игі бастамалардың орны бөлек.

«Мектепке жол» акциясы аясында табысталған мектеп сөмкелері мен оқу құралдары сырт көзге қарапайым сыйлық болып көрінгенімен, кішкентай балғындар үшін оның маңызы айрықша. Себебі әрбір жаңа сөмке, әрбір жаңа дәптер мен оқу құралы – баланың білімге деген алғашқы қадамының жарқын естелігі.

«Тт» ақпарат



Сурет ашық дереккөзден алынды

САҚТЫҚ – СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Жаз мезгілінде аптап ыстықтан салқын суға шомылуға асығатын тұрғындар саны артады. Алайда су айдындары демалыс орны ғана емес, сақтықты талап ететін қауіпті аймақ екенін әрбір азамат есте ұстауы қажет. Судағы қауіпсіздік ережелерін елемеу орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін.

Суға шомылу кезінде ең басты талап – рұқсат етілген және арнайы жабдықталған орындарды таңдау. Белгіленбеген, ағысы қатты, тереңдігі белгісіз және қауіпті учаскелерде шомылуға болмайды. Әсіресе балаларды су маңында қараусыз қалдыруға жол берілмейді. Баланың қауіпсіздігіне атана тікелей жауапты.

Суда мас күйінде шомылу, белгісіз жерден суға секіру, қайықпен жүзу кезінде қауіпсіздік құралдарын пайдаланбау – қайғылы жағдайға соқтыратын негізгі себептердің бірі. Сонымен қатар су айдынында бір-бірін итеру, алыстауға тырысу немесе жүзу мүмкіндігін асыра бағалау да аса қауіпті.

Құрметті аудан тұрғындары! Су қателікті кешірмейді. Бір сәттік немқұрайлылық – орны толмас өкінішке

айналуы мүмкін. Сондықтан демалыс кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, жақындарыңыздың өміріне жауапкершілікпен қараңыздар. Балаларға ерекше бақылау жасап, олардың суға жалғыз баруына жол бермеңіздер.

Есіңізде болсын: қауіпсіздік ережесін сақтау – қорқыныш емес, өмірді қорғаудың ең дұрыс жолы. Өзіңізді және жақындарыңызды қауіптен сақтаңыз!

Сырдария аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



Сурет ашық дереккөзден алынды

QALQAN: МӘМС ЖҮЙЕСİNДЕГІ АШЫҚТЫҚ ПЕН БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ



Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін цифрландыру және медициналық қызметтерді қаржыландыру ашықтығын арттыру бағытында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Qalqan

бірінші цифрлық платформасын енгізуде. Жаңа жүйе «МӘМС 2.0» моделі аясында медициналық қызмет көрсетуге бөлінетін қаражаттың қозғалысын бақылауға, көрсетілген қызметтің шынайылығын тексеруге және қаржыландыру үдерісін автоматтандыруға бағытталған.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Qalqan нақты жағдайда сынақтан өтіп, пилоттық жоба аясында медициналық қызметтер бойынша алғашқы төлемдер Астана қаласында жүргізілді. Өтінім беруден бастап қаражатты аударуға дейінгі операцияның бір жүйеде жүзеге асырылуы платформаның мүмкіндігін тәжірибе жүзінде тексеруге жол ашты.

Жалпы жүйеге медициналық қызметтердің 91 кіші түрін кезең-кезеңімен енгізу жоспарланған. Қазіргі таңда оның 20 түрі іске қосылып, тағы 60 түрі бойынша сынақ жұмысы жүргізілуде. Qalqan арқылы медициналық ақпараттық жүйеден мәліметтер қабылданып, деректер автоматты түрде тексеріледі, қызмет құны есептеледі,

актілер қалыптастырылып, төлем жүргізіледі. Актілерді кезең-кезеңімен қалыптастыру тетігі енгізілуде. Бұл тексерілген медициналық қызметті толық айлық көлемді күтпей-ақ төлемге жіберуге мүмкіндік береді. Ал сәйкессіздік анықталған жағдайда ақпарат қосымша тексеруге жолданады.

Платформаның басты ерекшелігінің бірі – пациенттің де бақылау процесіне қатысуы. Азаматтар өз атына тіркелген медициналық қызметтер туралы ақпаратты цифрлық форматта көріп, өзі алмаған немесе қате көрсетілген қызмет анықталған жағдайда қорға жауапкершілікке.

Пациенттен алынған мәлімет автоматтандырылған және сараптамалық тексеру нәтижесімен салыстырылады.

Осы бағыттағы мүмкіндікті тұрғындарға қолжетімді ету мақсатында Сырдария аудандық ауруханасында Qalqan платформасына өтуге арналған QR-код енгізілді. Енді аудан тұрғындары QR-код арқылы МӘМС жүйесіндегі өздеріне көрсетілген медициналық қызметтер туралы ақпаратты бақылауға мүмкіндік алады.

Жүйеде пациентті сәйкестендіру үшін QR-код және Face ID секілді цифрлық құралды пайдалану көзделген. Бұл көрсетілген медициналық қызметтің нақты пациентке қатысты болғанын растауға көмектеседі. Ал цифрлық профильде азаматтың алған медициналық қызметтері туралы ақпарат жинақталады.

Qalqan медициналық емдеу процесіне араласпайды. Оның негізгі міндеті – медициналық

қызметтерге бөлінген қаржының мақсатты жұмсалып бақылау, деректерді салыстыру және сәйкессіздікті анықтау. Осы арқылы қолмен орындалатын операциялар азайып, расталмаған қызметтер үшін төлем жасау тәуекелі төмендейді.

Жаңа цифрлық платформа әсіресе балалар, қарттар, ауыр халдегі пациенттер сияқты мобильді қосымшаларды өздігінен пайдалану алмайтын азаматтарға қатысты бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді. Себебі пациенттердің кері байланысы басқа деректермен бірге қаралып, медициналық қызметтің нақты көрсетілгенін жан-жақты тексеруге жағдай жасалады.

Qalqan-ның түпкі мақсаты – медициналық қызметтерді қаржыландырудың бірінші цифрлық бағытын қалыптастыру. Яғни қызмет туралы ақпараттың түсуінен бастап оның тексерілуі, құнының есептелуі және төлемге дейінгі барлық кезең бір жүйеде бақыланады.

Сырдария аудандық ауруханасында QR-кодтың енгізілуі – осы цифрлық өзгерістердің аудан тұрғындарына тікелей қолжетімді болғанын көрсетеді. Ендігі жерде әр азамат өз атына көрсетілген медициналық қызметтер туралы ақпаратты бақылап, сәйкессіздік байқалған жағдайда кері байланыс бере алады. Бұл – МӘМС жүйесіндегі ашықтықты арттырып қана қоймай, азаматтардың өз құқықтары мен медициналық қызметтеріне деген жауапкершілігін күшейтетін маңызды мүмкіндік.

Балтабай ОРДАБЕКОВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Sea Wing company» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 28 қыркүйекте сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 мекенжайы бойынша «Қоныс кен орнының газ электр станциясы» жұмыс жобасына «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ» БӨЛІМІ», Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек к, Тереңөзек кенті.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының 1-қосымшасының 8-тармағына сәйкес ұсыныстар мен ескертпелерді жергілікті атқарушы орган: а.кос- zhanova@vmail.kz және ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> дайды.

Жобалық құжаттама топтамасымен <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordatabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Zoom конференциясы: <https://us04web.zoom.us/j/77395126029?pwd=bDExOVZpbDZlc0U1MEg5sxaZectj6NF.1> Конференция идентификаторы: 773 9512 6029

Колжетімділік коды: 5MkpV7

Белгіленген қызметті бас- тамашы: «Sea Wing company» ЖШС, Алматы қаласы, Алма- лы ауданы, Ислам Каримов көшесі, 52-үй, 39-пәтер БСН (ЖСН) 250940033178 Тел.: +7(702)-996-43-84 e-mail: aina35@mail.ru

Әзірлеуші: «



ОН БЕС МИНУТТЫҚ ЭНЕРГИЯ ҮШІН, ОН БЕС ЖЫЛ ҒҰМЫРЫҢДЫ БЕРМЕ!

Тақырып – энергетикалық сусындар туралы. Адамзаттың беріде ойлап тапқан өнертабысына жататын энергетикалық сусындардың зияндылығы басым екені белгілі. Бірақ оны күнделікті тұтынатындар да бар. Бұндай «сиқырлы» су, әсіресе, түнгі мезгілде жұмыс істейтіндерге «құтқарушы» көрінуі мүмкін.

Иә, дүкен сөресінде самсап тұрған әрі қолжетімді энергетикалық сусынның құрамы дәрумендер кешені мен глюкозадан тұрады. Кейбірінде кофеин, көмірсулар бар. Глюкоза қанға тез сіңіп, қышқылдандыратын процестерге қатысады. Бір шыны кофеңді әсері 1-2 сағатқа сақталса, энергетикалық сусынның әсері 3-4 сағатқа дейін барады. Сіз ондай сусынды ішкен сәтте сергіп қалғандай, жаңа әрекет жасауға дайын секілді сезімді бастан кешуіңіз мүмкін. Бірақ

ол ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді деген ақпарат еш дәлелсіз. Сусында ешқандай энергия жоқ, тек энергия қоздырушы болып табылады. Яғни, энергияны тек өзіңізден «қарызға аласыз». Бірақ ерте ме, кеш пе бұл қарыздың өтеуі болатыны анық. Және оны шаршағыштық, ұйқысыздық, ашушандық сияқты «үстемеақымен» қайтаруыңыз мүмкін.

Жалпы энергетикалық сусын құрамындағы дәрумендер мульти-дәрумендер кешенін алмастыра алмайды. Түрлі ауруы бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға тіпті де болмайды. Айта кетейік, Франция, Дания, Норвегия сияқты кей елдерде бұндай сусынды сатуға ресми түрде тыйым салынған. Есесіне, дәріханаларда дәрі ретінде сатылады және арнайы рецептпен ғана тағайындалады.

– Энергетикалық сусынды көп ішкенмін. Қазір дәл солай көп дәрі ішуге тура келіп тұр. Сондықтан тамақтануды да қалыпқа келтіріп жүрмін. Ас – адамның арқауы екені анық. «Не ішсең, сол боласың» деп отыратын еді бұрын атам. Қазір табиғи өнімнен гөрі осындай зиян

тағамдар көп қой. Достарыма еріп, энергетикалық сусынды жиі пайдаландым. Сән сияқты көрінді. Одан кейін тәуелділік пайда болды. Біраз уақыттан кейін денсаулығым сыр берді, – деп жалғады бір танысым әңгімесін. Бұл тақырыпты қозғауға да осы кісінің әңгімесі әсер етіп отыр.

Күнде айтылып, жазылып жатқандықтан жауыр тақырып сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осы сусыннан зардап шегіп, денсаулығынан айырылып жатқандар бар, тіпті айнамамызда көптеп кездеседі. «Мүлде тұтынбаңыз» деп айту да мүмкін емес, бірақ энергетикалық сусынды пайдаланудың да өзіндік мөлшері бар.

Негізгі энергия көзі – дұрыс ұйқы мен табиғи тағам. Уақытылы ұйқыға жатып, ерте ояну, таза, қоспасыз тағам пайдалану арқылы күш-жігерді жинап, денсаулықты қалпына келтіруге болады. Энергетикалық сусындарды жиі қолдану ағзаға қауіпті екені медицина тұрғысынан дәлелденген. Бұл ретте «Өздеріңді өз қолдарыңмен құрдымға кетірмеңдер» деген ескертуді де естен шығармаған абзал.

ТАҒДЫРДЫ ТАҒАРҒА АЙНАЛДЫРҒАН ҚЫЛМЫС

Адам саудасы – адамзат өркениеті дамыған сайын жойылып кетуі тиіс қылмыс болғанымен, бүгінгі таңда әлемнің көптеген елінде әлі де өзекті мәселе болып отыр. Ең өкініштісі – бұл қылмыстың құрбанына айналған адамдардың тағдыры, еркіндігі мен адамдық құқығы қылмыскерлердің пайда табу мақсатында тапталады. Адамды алдап жұмысқа орналастыру, шетелге немесе басқа қалаға жоғары жалақылы қызмет ұсыну, құжаттарын тартып алу, қорқыту, мәжбүрлі еңбекке немесе басқа да заңсыз әрекеттерге пайдалану – адам саудасының кең тараған түрінің бірі.

Қазір әлеуметтік желілер мен ғаламтордың кең таралуы да бұл қылмыстың жаңа тәсілдерінің пайда болуына жол ашып отыр. Жұмыссыз немесе қаржылық қиындыққа тап болған адамға «оңай жұмыс», «жоғары жалақы», «тегін жол жүру» сияқты ұсыныстар жасалып, оның сеніміне кіруі мүмкін. Дүниежүзінде қару-жарақ пен есірткі сатудан кейін көлеңкелі бизнестің өрісін кеңейтіп отырған – адам саудасы. Естірі құлаққа түрпеді тиюі мүмкін. Сататын – адам, сатылатын – адам. Екеуі де саналы жаратылыс иесі.

1981 жылы Мавритания құл иеленушілікті заңсыз деп танып, әлемдегі адам ұрлығына ресми түрде тыйым салған ең соңғы мемлекет болды. Яғни әлемде бірде-бір мемлекет адам ұрлығы мен құл иеленушілікті құптамайды. Бірақ қылмыстың бұл түрі азаяр емес. Ең өкініштісі, аса ауыр қылмыс саналатын адам ұрлығы мәселесі біздің мемлекетте де кездеседі. АҚШ-тың 2025 жылғы Trafficking in Persons (TIP) есебінде Қазақстан «Tier 2» санатына енгізілген. Бұл – елімізде мәселені шешуге бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, бұл өңірде шешулі тиіс мәселелер де бар екенін білдіреді. Хабар-ошарсыз кеткендердің бір бөлігі ер азаматтар болса, басым көпшілігін әйелдер құрайды. Ұрланғандар қатарын балалар да толықтырады.

Адам саудасы жасырын қылмыс түріне жатқызылады, бұл туралы нақты деректер келтіру қиын. Бірақ адам ұрлау – үлкен қылмыс. Ұрланғандардың басым бөлігі еркінен тыс қызметтерге жегілсе, енді бір бөлігінің сау ағзалары саудаға түсетін көрінеді. Бесігі бос қалып, ұрпақ жалғастыруды кездеген бірлі-жарым да арам пиғылды іске асырып, қылмыскерлер қатарын көбейтеді екен.

«Ауруын жасырған өледі» деген. Бұл мәселе қанша жасырып, жапқанмен мемлекет алдындағы күрделі тақырыпқа айналды. Аталған қылмыс салдарынан мемлекеттің басты құндылығы – адам құқығы қорғалмауда. Мәселенің өзектілігін Мемлекет басшысы да көтеріп, Үкімет алдына нақты тапсырмалар қойды. «Адам саудасына қарсы күрес мәселесі де күн тәртібінен түспейді. Бұл жағынан Қазақстанның халықаралық қауымдастық алдындағы жағдайы айтарлықтай емес. Құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды тергеу рәсімін жетілдіре түсуі керек. Осыған орай сот тәртібімен қатаң жаза қолданылуы қажет. Бұл маңызды міндет мемлекеттік органдардың үйлесімді іс-қимылын талап етеді» деді Президент өз сөзінде.

Құзырлы органдардың ресми дерегіне сәйкес, жыл сайын елімізде адам саудасына қатысты жүздеген іс қозғалады екен. Мәселе ел аумағында жиі көтеріліп, қылмыстық іс-шаралар күшейтіліп, жаза қатандаған. Бірақ бұл да болса жауыздық атаулының жолын



толық бұғаттауға қауқарсыз болып тұр.


Жаға ұстатар үрейлі деректерді оқыған әрбір оқырманның көкейінде қорқыныш ұялары анық. «Не істеу керек?» деген сұрақ та мазалауы мүмкін. Негізінен жоғалғандардың көпшілігі – жақындарынан қолдау көрмей, күйзелістің құрбанына айналғандар. Олар кез келген адамның жанашырлық пейіліне сеніп, алдаңды қалуы мүмкін. Сондай-ақ бүгінгі күнгі жұмыссыздық мәселесі де үлкен қылмыстың құрбанына айналуының себебі болса керек. Жұмыс іздеп сенделгендерді құрығына түсіретіндер жалған уәдені үйіп төгетін көрінеді. Танымайтын адамға өз құжаттарыңызды тапсырмағаныңыз абзал. Ал бала ұрлануы жилейтін ең қауіпті мезгіл – жаз айлары. Ма-мыражай мезгілде бала атаулы ойынның қызығына кіріп, үй көрмейтіндігі айтпау да белгілі. Және отбасында мәселе бар, ата-анасының қарауынсыз жүрген балалар аса қауіпті қылмыс құрбаны болуы жиі ұшырасады. Қаскөйлер құлқынның қамы үшін жана туған сәбиді де сатудан тайынбайды.

Сонда адамның құндылығы қайда, әлде жүрек тасқа айналған ба?! Тіршілікті тірілтіп тұрған мейірімділіктің оты сөніп барады ма?! Сіз өміріңізде арам пиғылмен бірінің төлін бірі ұрлап бара жатқан айуанды көрдіңіз бе?! Әрине, жоқ. Осы тұста Оралхан Бөкейдің «...Адамзаттың бүкіл жаратылыс атаулыдан озықтығы немесе сорлылығы да осыдан шығар-ау. ...Біз саналылығымызды мақтан тұтамыз, ал сол саналылықтан азап шегетінімізді бағамдай бермейміз» дегені ойға оралады...

• ОЙМАҚТАЙ ОЙ

ҚҰЛАҚ БҰЗЫЛСА, ҚҰЛЫҚ БҰЗЫЛАДЫ

Әлеуметтік желі... Шетсіз әрі шексіз ақпарат... Көпшілік таңертеңгілік көзін ашқаннан ұялыны алдымен қолға алатыны жасырын емес. Бірақ әлеуметтік желідегі топтардан жақсы жаңалықтан гөрі жаға ұстатар жайтты көп кезіктіресің. «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды» деп келетін сымсыз байланысты қолға алып қарай жөнелдім. Біреу күйеуінен қорлық көрген, біреу қайын жұрттан зорлық көрген, енді бірін әйелі пышақтап өлтірген, біреуді бір топ болып ұрып кеткен, біреу асылып өлген, біреу биік қабаттан секіріп кеткен... Осындай мазмұндағы ақпарат жалғасып жатыр, жалғасып жатыр. «Жаман хабар тез тарайды» деген бар. Бір жағынан қазір «контент» деген нәрсе адамдарды адастырып барады. Мықты контент жасасаң, оқырманың көп болады, осыны кейбіреулер кері тұсынан пайдаланып, «шуылдақ» әңгімені көп салады. Ал оны оқу, көру адам психологиясына көп әсер етеді.



Жазатайым жағдайлар мен жаға ұстатар қылмыс бұрын да болған. Тек ол кезде ақпарат тарату кеш болғандықтан, бүгінгідей жарыса жарияламайтын. Бірін естиді, бірін естімейді. Соған орай қылмыс та қазіргідей болмаса керек. Адамның психологиясы – ең әлсіз нәрсе.

«Көңіл бір атым насыбайдан қалады» деген, адам көңілі тым нәзік. Енді қараңыз, таң атпай осындай жүйесіз жаңалыққа «тойып» алдыңыз. Әрі қарай күніңіз қалай өтеді?! Өздігінен мазасыздық бойынды жайлап, әлгі жаңалықтың әсерінен шыға алмайсың. Ал жаңалықтар легі оны-

мен тоқтамайды. Тіпті соңғы уақытта осындай ерсі нәрсе тым көбейіп кетті.

Бір дабыл қағатын жайт, қазір кез келген кішкентай баланың қолында жеке ұялы телефоны бар. Ал ақпарат алаңындағы кез келген тақырып балалар үшін де қолжетімді. Кім не көріп, не оқып жүр, оны ешкім сараптап жатпайды. Бала жүрегі бәрінен нәзік, бала тәрбиесі маңызды мәселе. Жас бала жаңа өскен шыбыққа ұқсайды, қалай майыстырсаң, сонда бұрылады. Күніге жантүршігерлік ақпаратты көріп, біліп өскен баланың бойы соған үйренбей ме, көзіне үйреншікті болмай ма? Кейін сол қылмысты еш шіміркей өзі де істеуге бейім болмай ма?! Мәселенің төркіні тереңде.

– Қазір балалардың ақпаратты қабылдау кеңестігі бұрынғыдан әлдеқайда кеңейді. Бала бұрын көбіне ата-анасы, мұғалімі, достары арқылы ақпарат алса, бүгінде оның қолында шексіз контент ұсынатын смартфон бар. Әлеуметтік желідегі әрбір бейне, әрбір жазба баланың психикасына белгілі бір деңгейде әсер етеді. Әсіресе қорқынышты, зорлық-зомбылықты, агрессивияны, өлім-жітімді немесе түрлі жағымсыз жағдайларды көрсететін

контентке баланың жиі тап болуы алаңдатарлық мәселе. Өйткені бала көрген дүниесін ересек адам сияқты саралап, оның шынайы немесе жалған екенін, дұрыс немесе бұрыс екенін әрдайым ажырата алмайды. Ол көргенін қалыпты құбылыс ретінде қабылдауы немесе өзіне қатысты қауіп ретінде сезінуі мүмкін. Бұл мәселе тек балаларға қатысты емес, үлкен адамның да ой-өрісіне ықпалы зор. Мұндай ақпараттарды шамадан тыс тұтыну адамның эмоционалдық жағдайына әсер етіп, қорқыныш, мазасыздық, ашушандық, тұйықтық сияқты мінез-құлық өзгерістеріне себеп болуы ықтимал. Кейде адам нақты неге алаңдап жүргенін өзі де түсіндіре алмайды. Оның психикасына әсер еткен нәрсе – күн сайын көретін, бірақ мән бере бермейтін ұсақ контенттер болуы мүмкін. Ал бүгінгі бала ақпараттан қорғалған емес, ақпаратты дұрыс қабылдай алатын бала болуы керек. Себебі интернеттен толықтай алыстату мүмкін емес. Ал оның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең тиімді жолы – ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, – дейді мамандар. Әлеуметтік желі – пікір алаңы.

Кім не естісе, соған пікір білдіріп, әрі қарай таратып жатады. «Жақсылық көрсең тасқа жаз, біреуден біреу көшірсің. Жамандық көрсең құмға жаз, жел ұшырып өшірсің» деген. Сол секілді ақпараттың да жақсысын таратып, жаманын сүзгіден өткізу маңызды. Ақпарат таратуға байланысты қатаң тәртіп те керек-ақ.

Ішкен тамағың ағзаға қалай әсер етеді, сол сияқты алған ақпаратың да өміріңе солай әсер етеді. Әлеуметтік желідегі әрбір сөздің салмағы бар. Бір ауыз сөз біреуге ой салуы мүмкін, бір ауыз сөз біреуді адастыруы мүмкін. Ал көпшілікке тараған сөз тұтас қоғамдық пікірге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ақпарат мәдениеті азаматтық жауапкершіліктің бір бөлігі екенін түсіну қажет. Әбіш Кекілбаевтың «Құлақ бұзылса, құлық бұзылады» деген қанатты сөзі дәл бүгінгі ақпарат дәуіріне арналғандай. Яғни, адамның құлағына не кірсе, санасына да соның ықпалы тиеді, ал сана өзгерсе, адамның құлығы мен әрекеті де соған сай болады. Сондықтан естітінімізге талғаммен, көретінімізге сын көзбен, таратытын сөзімізге жауапкершілікпен қарауымыз керек.

Бетті дайындаған А.МҰХАНБЕТҚАЛИ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы»
газетінің редакциясы
Бас редактор
Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ

Телефондар:

Бас директор – 8